

**Павлодар облысының білім беру басқармасы  
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің,  
«Павлодар қаласының № 23 сәбилер бақшасы»  
Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпоры**

**2022 жылғы 15 маусымдағы  
№ 7 педагогикалық кеңестің (жоспардан тыс)  
ХАТТАМА КӨШІРМЕСІ**

**Тақырыбы:** «Павлодар қаласының №23 сәбилер бақшасы» КМҚК-да өзін-өзі бағалаудың қорытындысы»

**Күн тәртібі:**

1. Сәбилер бақшасында өзін-өзі бағалауды қорытындылау

Аталған мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша қорытындыны оқыған басшы Ә.С. Нұрпейісова сөз сөйледі. ҚОРЫТЫНДЫДА білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер бар. Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде есеп жасалды, ол қорытындының ажырамас бөлігі болып табылады.

Әдіскер А.Т. Кадырова тыңдалды. Ол әр жас тобында білім беру салалары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу туралы айтты. Барлық құжаттар жүйелендіріліп, 2017-2022 оқу жылдары бойынша талдау есебі жасалды. Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеудің сандық көрсеткіштері бар аналитикалық анықтама тыңдалды, мектепке дейінгі ұйым бойынша жалпы мектеп жасына дейінгі баланың жеке, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға арналған жүкқұжаттардың көшірмелері, оның ішінде бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмесі әзірленді.

Әдістемелік активтің мүшесі Б.У. Әшірбекова мектепалды топ тәрбиешілеріне тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау деректерінің сәйкестігін анықтау мақсатында ата-аналарға (заңды өкілдерге) сауалнама жүргізу нәтижелері жайлы сөз сөйледі. Бақыт Умербековна респонденттердің 94%-і қатысқанын хабарлады. Респонденттердің жауаптарын талдау бойынша - ата-аналардың 91% - ы педагогтер ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттанған, ата-аналардың қалған 9% - ы балалардың БІД деңгейіне нақты анықтама бере алмады.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің алынған қорытындылары бойынша **ШЕШІМ** қабылданды:

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды толық көлемде қабылданын.

3. Балабақшаның барлық бағыттары бойынша өзін-өзі бағалау материалдары бақшаның ресми сайтында орналастырылсын.

**Төрайымы:**  
**Хатшы:**



**Ә. С. Нұрпейісова**  
**Н. А. Тлеулина**